

«Бекітемін:

Мектеп директоры:

«31» тамыз 2021 жыл

Р.Ж. Кобишанов

Р.Ж. Кобишанов



**ТЕРЕҢСАЙ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН
МЕКТЕБІНІҢ
2021-2022 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН
ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРЫ**

Түсінік хат

Тәрбие жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «15» сәуірдегі №145 бұйрығына 2-қосымша, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылды.

Тәрбие жұмыстары барлық ынғалы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрдегі бірлескен жұмыс. Тәрбие жоспары сегіз бағыт және 11 жоба бойынша құрастырылды. Сегіз бағыт бойынша құрылған жоспарға қосымша жобалар кіріктірілді. «Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие» бағытына «Құқықтық сана қауымға пана» «Рухани-адамгершілік тәрбие» бағытына «Оқуға құштар мектеп» жобасы, «Ұлттық тәрбие» бағытына «Дәстүр мен ғұрып» жобасы, «Отбасылық тәрбие» бағытына «Отбасы – елдің мұраты» жобасы, «Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие» бағытына ««Ерте жаста басталатын экологиялық мәдениет» ««Еңбек – елдің мұраты» жобасы, «Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие» «Балалар және театр» Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу; бағытына « Ұшқыр ой алаңы» жобалары кіріктіріліп жасалды. Тәрбие жұмысының негізін жаппадамазаттық құндылықтар (сенім, ақиқат, әсемдік, бостандық, қайырымдылық, жақсылық, махаббат, және т. б.) және ұлттық құндылықтар – (тәуелсіздік, патриотизм, толеранттылық, ана тілі, заңға бағынушылық, этникалық мәдениет, салт-дәстүр) құрайды.

Тәрбие жұмысының өзекті мәселесі:

«Рухани құндылығы жоғары және сана- сезімі қалыптасқан жеке тұлғаны тәрбиелеу»

Тәрбие жұмысының мақсаты:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығы негізінде 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асыруды ұйымдастыру;
- Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады. Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрде жұмыс жүргізу;
- Мектеп оқушыларының Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы аясында;
- Білім мазмұнын жанарту жағдайында балалар мен оқушы жастарды тәрбиелеудің идеологиясы мен стратегиясын анықтау;
- Қазақстан Республикасының азаматтары және патриоттары ретінде қалыптасуы мен өзін-өздері танытуларына, әлеуметтенуіне, болашақ мамандық иесі болып, кәсіби, интеллектуалды және әлеуметтік шығармашылыққа жетуіне оңтайлы жағдай жасау.
- Адами капиталдың сапасын жақсарту мақсатында жастар патриотизм тәрбиелеуге және мұғалімдердің сана-сезімін жаңғыртуға аса мән береді.

Тәрбие жұмысының міндеттері:

1. Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат пен патриоттың қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.
2. Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету.
3. Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.
4. Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.
5. Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі іске асыруына саналы қарым-қатынас қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту, сондай-ақ эволюция идеяларын қабылдау қабілетіне және оны күнделікті өмірде басшылыққа алуына ықпал ету.
6. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.
7. Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.

8. Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.
9. Балалар мен жастардың бойында Қазақстанға сырттан енуші этнодіни экстремизм мен түрлі радикалды ағымдарға қарсы әрекет ете алатын дағдылар қалыптастыру.
10. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен аулыңа, қала мен өңіріңе, яғни туған жерге деген сүйіспеншіліктен басталады. Туған жерге, оның мәдениетіне, салт-дәстүріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі, ұлт ететін мәдени-генетикалық кодтың негізі.

Күтілетін нәтижелер:

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері:

- Қазақстанда жеке тұлға іс-әрекетінің дұрыс уәжделік-құндылықты аясын; Білім алушы жастарда қазақстандық патриотизмді, азаматтық өзіндік санасын, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, толеранттылық және рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастырудың артып отырған деңгейін;
- Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар арқылы мәдениет негіздерін, ана тілі мен мемлекеттік тілге және этномәдениетке құрметі;
- Рухани дамыған және жоғары адамгершілікті тұлға қалыптастыруда білім беру мазмұнының тәрбиелік әлеуетін күшейтуді;
- Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін арттыруды, қамқоршылық кеңестерінің рөлін көтеруді;
- Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамытуын;
- Тұлғаның дамыған экономикалық ойын және кәсіби қалыптасуға саналы қарым-қатынасын қалыптастыруды;
- Табиғатты сақтауда белсенді азаматтық ұстанымын; экологиялық сауаттылығы мен мәдениетінің жоғары деңгейін;
- Табысты әлеуметтенуді, өздігімен білім алу мен өзін-өзі жүзеге асыруды, отбасы институтының өзін-өзі дамытуы мен өзін-өзі тәрбиелеуін нығайтуға саналы түрде қатысуын қамтамасыз етуі тиіс.
- Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің жалпы векторы үйлесімді, жан-жақты дамыған, рухани-адамгершілік қасиеттері бар, таңдау жасау жағдайында өздігімен шешім қабылдауға даяр, ынтымақтастыққа және мәдениетаралық қарым-қатынасқа қабілетті, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар, «Қазақстан-2050» Стратегиясының басты мақсаты – Мәңгілік Ел болу жолындағы ұлы істерге белсенді қатысатын адам қалыптастыруға бағытталған.

Іске асыру тетіктері:

- Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын, Тәрбиенің кешенді бағдарламасын, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, барлық үлгідегі, деңгейдегі және меншік түріндегі білім беру ұйымдарында оқу бағдарламалары мен оқулықтарды, тәрбие бағдарламаларын әзірлеуде Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері негіз болады.

Орта білім беру ұйымдарында тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесідей құжаттарға сәйкес жүргізіледі:

- ✓ ««Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы
<https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/>;
- ✓ Қазақстан Республикасының Конституциясы
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S1100000002>;
- ✓ «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексі 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IV <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518>;
- ✓ 2030 жылға дейінгі ҚР отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/fulltext>;
- ✓ «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt>;
- ✓ «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңы 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt>;
- ✓ «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» ҚР Заңы 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt>;
- ✓ «Білім туралы» ҚР Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>
- ✓ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt>;
- ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұлғарымдамалық негіздері <https://nao.kz/>
- ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұлғарымдамалық негіздері <https://nao.kz/>.

1. ТӘРБИЕНІҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ:

- Тәрбие жұмысының негізін жалпыадамзаттық құндылықтар (сенім, ақпарат, әсемдік, бостандық, қайырымдылық, жақсылық, махаббат, және т. б.) және ұлттық құндылықтар – (тәуелсіздік, патриотизм, толеранттылық, ана тілі, заңға бағынушылық, этникалық мәдениет, салт-дәстүр) құрайды.
1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие;
 2. Рухани-танымдық тәрбие;
 3. Ұлттық тәрбие;
 4. Отбасылық тәрбие;
 5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;
 6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие;
 7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу;
 8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Өткен оқу жылына талдау: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «15» сәуірдегі №145 бұйрығына 2-қосымша, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылды. Білім берудің жаңа моделіне өту жағдайында және тәрбиенің білім беру үдерісіндегі рөлінің өсуіне байланысты тәрбие мазмұнын қайта бағдарлау даму заңдылығы болып табылады. Қазір білім беру үдерісінде жеке тұлғаның рухани-адамгершілік дамуына үлкен мән беріліп отыруына орай, адамгершілікке тәрбиелеу мен рухани жағынан қалыптасуы барлық тәрбие үдерісінің өзегі болып отыр. Тәрбиенің мазмұны оның мақсаттары мен міндеттері арқылы анықталады және ол қоғамдық дамудың бағыты мен мазмұнына заңды тұрғыда тәуелді болады. Сонымен бірге, тәрбиеге әлеуметтік-рөлдік көзқарас тұрғысында адам көптеген әлеуметтік жүйенің компоненті болып саналады. Тәрбие жұмысының мақсаты:

1. Мектепте тәрбие жұмысының бірыңғай жүйедегі инновациялық бағыттағы жұмыстарын ұйымдастыру, алгоритмге сәйкес жұмыстар жүргізу;

2. Мектепте көшбасшылық қасиеттері бар, жаңа демократиялық қоғамда өзін-өзі басқару арқылы өмір сүруге қабілетті азаматтар және патриоттарды тәрбиелеуді іске асыру;

3. Балалар мен жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтар профилактикасының маңыздылығына мін беру;

4. Балалардың ақпараттық сауіпсіздігі, киберқауіпсіздік мәселесіне назар аудару;

5. Отбасы құндылықтарының тәрбиелік маңыздылығын арттыру;

6. Мектепте құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру;

Тәрбие жұмысының міндеттері:

1. ҚР рәміздеріне құрметпен қастерлеуге дағдыландыру;

2. Балалар мен оқушы жастардың ұлтаралық және этникалық мәдени қарым – қатынастарын жетілдіру;

3. Есірткілер мен басқа да зиянды заттарды қабылдауды болдырмауың алдын алудың шараларын жетілдіру;

4. Балалар мен жасөспірімдер арасындағы діни сауаттылықты қалыптастырып, діни экстремизмнің алдын алу;

5. Оқушылардың бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру мақсатында қосымша білім беру ұйымдары мен мектепшілік үйірмелермен бірлескен жұмыстарды ұйлестіру.

Тәрбие тұжырымдамасының негізгі 8 бағытқа сәйкес жылдық жұмыс жоспары құрылып, мектеп директорымен бекітілген:

1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие;

2. Рухани-танымдық тәрбие;

3. Ұлттық тәрбие;

4. Отбасылық тәрбие;

5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;

6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие;

7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу;

8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Биылғы оқу жылында алға қойылған мақсат:

Тәрбие тұжырымдамасының бағыттары бойынша ашық тәрбие сағаттарын өткізу, әдістемелік құралдар дайындау, өзара іс-тәжірибе алмасу.

Тәрбие жұмысы жөнінде кеңестерде қаралған мәселелер:

10.09.2020 жылы кіші педагогикалық кеңесте «Жалпы бірдей міндетті Білім Заңы аясында аз қамтылған отбасылар мәселелері және шешу жолдары» «Ыстық тамақпен қамту» жолдары қарастырылды. «Мектепке жол» акциясының орындалуы, директордың орынбасары жанындағы кеңесте «Жас ұлан» ұйымының ұйымдастырылуы: мәселелер мен шешу жолдары», «Жолда жүру ережелері сабақтарының берілуі», «Тәрбие жұмысының тұжырымдамасы бойынша жүргізілген жұмыстар», сәуір айында әдістемелік кеңесте «Оқушылардың қызығушылығы бойынша ұйымдастырылған үйірмелердің оқытылуы» қаралды. Алдын алу кеңесінде қаралған мәселелер:

Тереңсай жалпы орта білім беретін мектебінде көмелеттік жасқа толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесі құрылып, жылдық жұмыс жоспары жасалынды. 15 қараша күні алдын алу кеңесінің кезекті отырысында «Зорлық-зомбылықсыз және қатыгездіксіз балалық шақ» ұранымен жұмыс жоспары құрылып, іс-шаралар өткізілді. Кеңесте акция аясында жүргізіліп жатқан жұмыстар, жалпы мектепшілік тәртіп мәселесі қаралды. Яғни сабақтан қалатын, сабақтан кешігетін білім алушылардың есімдері анықталып, сол білім алушылармен жұмыс жүргізу туралы шешім қабылданды. Желтоқсан айында өткізілген алдын алу кеңесінің отырысында «Балалардың денсаулығы өз қолымызда» темекі шегу, ішімдік, токсикалық және есірткіге қарсы алдын алу жұмыстары- бойынша медбикенің

есебі тыңдалды. Кеңес отырысында сабақтан жиі қалатын білім алушыларды дер кезінде анықтап, ата-аналарымен жұмыс жүргізу туралы шешім қабылданды. Құқық пәнінің мұғалімі «Құқық бұзушылықтың қоғамда алатын орны» тақырыбында жоғары сынып білім алушыларына баяндама оқып, талқылады. Қаңтар айында «Бала құқықтары туралы заң» тақырыбында 8-11 класс оқушыларымен кездесу ұйымдастырылды. Ақпан «Құқық және біз» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Ақпан айында өткізілген кеңес отырысының кезекті отырысында «Құқық бұзушылықтың алдын алу кешенін жүзеге асыруда ата-аналар мен педагогикалық қызметінің қатынасы» туралы талқыланды. Наурыз айында өткізілген алдын алу кешесінің отырысында «Тұлғаны ізгіліктендірудегі отбасының міндеті» туралы, білім алушылардың көктемгі каникул кезінде бос уақытын ұйымдастыру туралы мәселелер талқыланды. Ата-аналарға арналған сауалнамалар жүргізу керектігі айтылды. «Мамандық таңдаудағы балалардың қызығушылығының қалыптастыруына отбасының ролі» тақырыбында алдын алу кешесінің отырысы болып өтті. Отырыста білім алушылардың жұмыспен қамтылуы туралы айтылып, осы орайда отбасылармен жұмыс жүргізу мәселесі қаралды. 15 мамыр күні өткізілген кеңестің отырысында «Білім алушылардың жазғы демалыс-сауықтыру лагерлерін ұйымдастыру», кеңестің жұмысын қорытындылау мәселелері қаралып, талқыланды. Келесі оқу жылына жұмыс жоспары құрылды.

Сынып жетекшілер кеңесінде қаралған мәселелер:

Қыркүйек айында бірлестіктің алғашқы отырысы болып өтті. Бұл отырыста сынып жетекшілер 2020-2021 оқу жылы бойынша мектептің тәрбие жұмысымен, сынып жетекші жұмысының мазмұны, сынып жетекшісінің портфолиосымен таныстырылды. Сонымен қатар ашық тәрбие сағаттарын өткізу кестесін толтырылды. 8 қазанда «Жасөспірімдер арасында ұшырасатын суицид көріністерінің алдын алу» мәселелері талқыланды. 5 қарашада «Жасөспірімдер мінез-құлқындағы ауытқушылықтарды түзету проблемалары: құқықтық, педагогикалық және психикалық аспектілер» тақырыбында семинар отырысы болып өтті. 3 желтоқсанда өткен бірлестік отырысында «Білім алушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу жолдары» тақырыбында баяндама оқылды. 3 қаңтар күні «Тәрбие жұмыстарының тиімділігі арттырудағы ата-аналар жиналысының ролі» тақырыбында семинар болып, онда «Мониторинг және бағалау», «Қамқор» қамқорлық акциясы туралы айтылып талқыланды.

Ата-аналар комитеті отырысында тәрбие жұмысының мәселелерін қарау:

Қыркүйек айында «Отбасы мен мектептің әріптестігі-тұлғаның табысты әлеуметтенуінің кепілі» тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысы болып өтті. Жиналысқа барлығы -80 ата-ана қатысты. Күн тәртібі бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Жанғабулова Тамара Сериковна «Отбасы мен мектептің әріптестігі-тұлғаның табысты әлеуметтенуінің кепілі» тақырыбында баяндама жасасады. 31 қазан күні «Ата-аналар және мұғалім: ынтымақтасып жұмыс жүргізуді үйренеміз» тақырыбында дөңгелек үстел болып өтті. Дөңгелек үстел басында мектептің отбасымен өзара қарым-қатынасы ата-ана беделіне құрмет көрсету, отбасының рухани кемелдене түсуіне көмектесу, үй-ішінің балаларға оңды ықпал жасауына жәрдем беру негізінде құрылуы тиіс тігі айтылды. Сынып жетекшілер «Нағыз ата-ана кодексі», «Ата-аналарға арналған тоғыз өсиетпен» таныс болып, өзара пікірталасты. Желтоқсан айында 11 сынып жетекшісі Аймбетова Гулбану Чапаева «Діни қауіпсіздікті нығайтуға байланысты мектептің отбасымен жұмыс жүйесін қалыптастыру бойынша» ата-аналармен отырыс жасап, ұсыныстар жасалды. Қаңтар айында «Қамқор» қайырымдылық акциясы болып өтті. Осы айда дінтану пәні мұғалімі Курбаева Динара ата-аналарға «Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу шараларын ұйымдастыру» тақырыбында ұсыныстар берді. Ақпан айында ата-аналармен «Ата-аналардың құқықтық сауаттылығы» тақырыбында семинар өткізіліп, «Кішкентай білім алушыларды зиянды әдеттерден сақтандыру» кеңестер берілді. Наурыз айында балалардың адамгершілік тәрбиесі жөнінде ата-аналарға арналған жаднамалар таратылды. Сәуір айында мектеп психологы «Өзара түсіністік негізі неде?» тақырыбында тренинг, әлеуметтік педагог «Балалар тәрбиесіндегі ата-ананың жауапкершілігі» тақырыбында аз қамтылған отбасылармен отырыс өткізді. Мамыр айында жалпы ата-аналар жиналысы болып, жылдық қорытынды жұмыстар, «Балаларды жазғы демалысқа жіберудің жағдайларын қарастыру», «Балалар қауіпсіздігін қадағалау» тақырыптары талқыланып ата-аналардан қолхат алынды.

Мектептің өзін-өзі басқару жұмысының бар болуы және тиімділігі;

Білім алушылар үшін өзін-өзі басқару – ол бос уақытын тиімді және үнемді пайдалану, құқығын және мүддесін қорғау, жаңа бастамаларына қолдау мен дамытудағы көмек. Білім алушылардың өзін-өзі басқаруын дамыту үнемі әлеуметтік жауаптылықты кеңейтуді, өмірінде кездесетін мәселелерді шешуге көмектеседі. Мектепте «Жас Ұлан», «Жас қыран» балалар ұйымы жұмыс жасайды. 25 қыркүйек күні «Жас Ұлан» балалар ұйымының көшбасшыларының отырысы болып өтті. Отырыста қыркүйек айында жүргізілетін жұмыстар талқыланып, қазан айында жүргізілетін жұмыстар тобының отырысы болып өтті. Министрлерге жұмыстарымен таныстырылды. 29 қазан күні «Жас Ұлан» балалар ұйымының өзін-өзі басқару тобының отырысы болып өтті. Онда қазан айында жүргізілген жұмыстарға сараптама жасалынды. 14 желтоқсан күні «Жас Ұлан» балалар ұйымының салтанатты жиыны болып, 2 сынып білім алушылары «Жас қыран» балалар ұйымына қабылданып, 5 сынып білім алушылары «Жас Ұлан», «Жас Қыран» балалар ұйымына қабылданды. «Жас қыран» бойы жоспар бойынша жұмыстарын атқарып келді.

Әлеуметтік педагогтің жұмысы:

Жалпы мектеп бойынша әлеуметтік көмекке мұқтаж оқушылардың құжаттары, ата-аналарының өтініштері бар. Көмекке мұқтаж оқушылар тізімін арнайы құрылған комиссия отырысында қаралып, бекітілген. Теренсай орта мектебі бойынша I тоқсанда 2020-2021 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары жасалып бекітілді. Мектеп жасындағы балаларды оқумен толық қамтуды қамтамасыз ету үшін, көп балалы, толық емес, жартылай жетім, тұрмыстық жағдайы төмен оқушылар анықталды. Осыған орай мектептегі әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылардың тізімі жасалып анықталды. Аудандық «Жалпыға бірдей білім беру» қорынан көпбалалы отбасынан шыққан АСП алатын балаларға жалпы соммасы 143 500 тиын 7 балаға материалдық көмек көрсетілді.

Жоспарға сәйкес әр сыныптың әлеуметтік қартаюу, соған сәйкес мектептің әлеуметтік паспорты жасалып бекітілді. Әлеуметтік педагогтің сабаққа қатысу талдамасына сай мектебімізде өткен іс-шараларға, қоғамдық шараларға қатысып, әлеуметтік топтағы оқушыларға зерттеу жүргізілді. Желтоқсан айында жоспар бойынша Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті және аудан, облыс әкімінің шыршасына баратын балалардың тізімі жасақталды. «Мен өмірді таңдаймын» тақырыбында 9-11-класс аралығында баяндама оқылды. Әлеуметтік көмекке мұқтаж және мектепке себепсіз келмей жүрген балалардың дерек қорын қалыптастыру үшін 0-18 жас аралығындағы балалардың контингентін нақтылау мақсатында ауыл көшелері бойынша үйлерді аралап тексеріс жүргізілді. Желтоқсан айында «Түнгі рейд» кезекшілігі ұйымдастырылып өткізілді. Нәтижесінде құқық бұзушылық, келеңсіз жағдайлар орын алған жоқ. Оқушылардың күнделікті сабаққа қатысымы бақылануда. Дәлелсіз себептер бойынша және жиі сабаққа келмей қалған оқушылар тіркелген жоқ. Оқушыларды есепке алу және олардың қозғалысы жөніндегі тиісті құжаттамаларды жүргізу және сабақты көп босатқан немесе оқудан жалтарған балалар туралы мәлімет аудандық білім бөліміне уақытылы хабарланып отырады. Оқушылардың білімдеріндегі кемшіліктерін жою жөніндегі оқу бағдарламаларын менгеруде қиындықтарды бастан кешіретін білім алушылар болған жоқ. Азаматтардың өтініштеріне жедел жауап беру үшін «сенім телефонының» жұмысы үздіксіз қызмет етуде. «Теренсай ЖОББМ» КММ-нің қаңтар айында жоспар бойынша оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында «Жасөспірім және қылмыс» атты 8-11 класс аралығында пікірталас өткізілді. Мақсаты: оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру. Ата заңымызға деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастырып, шыншыл да әділетті және парасатты тұлғаны қалыптастыру. Пікірталас барысында оқушылар Құқық дегеніміз не? деген сұрақтарға өздерінің ойларымен бөлісіп, түсінік беріп өтті. 2021 жылдың 10 қаңтар - 10 ақпан аралығында «Теренсай ЖОББМ» КММ-де «Қамқорлық» акциясы ұйымдастырылып өткізілді. Әлеуметтік көмекке мұқтаж және мектепке себепсіз келмей жүрген балалардың дерек қорын қалыптастыру үшін 0-18 жас аралығындағы балалардың контингентін нақтылау мақсатында ауыл көшелері бойынша үйлерді аралап тексеріс жүргізілді. Азаматтардың өтініштеріне жедел жауап беру үшін «сенім телефонының» жұмысы үздіксіз қызмет етуде. Жоспарға сай оқушыларға қайырымдылық туралы түсінік беріп, олардың бойында жанашырлық, қайырымдылық сезімдерін дамыту мақсатында 8-11 класс оқушыларынан «Қанатты жастар» еріктілер клубы құрылып ауылымыздың жалғыз басты аналарға көмек көрсетті. Клуб мүшесінде 20 оқушы бар. Сонымен қатар мектебімізде «Әділет» дебат клубы құрылды клуб мүшесінде 8 оқушы бар. «Теренсай ЖОББМ» КММ-нің сәуір айында жоспар бойынша 9-11 класс арасында оқушылардың құқығы мен заңды мүддесін қорғау мәселесі бойынша ақпараттық-педагогикалық көмек көрсетілді.

Сегіз бағытқа құрылған тәрбие жоспарының жұмысы

2020-2021 оқу жылының тәрбие жоспары сегіз бағытта негізделіп құрылды. Өткізілетін іс-шаралардың барлығы онлайн түрде өткізілуге жоспарланды. Қыркүйек айының алғашқы күні білім күніне арналған бірыңғай тәрбие сағаттар онлайн формата өткізілді. 1-4 класс оқушыларына Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арналған сынып сағаттары өткізілді. 5-8 класс оқушыларына Әбу Насыр Әл – Фарабидің 1150 жылдығы, 9-11 класс оқушыларына ҚР –ның Конституциясының 25 жылдығына орай онлайн форматта сынып сағаттары өткізілді. Қыркүйек айының екінші аптасында «Отбасы – бақыт мекені» атты апталық өткізілді. 1-11 класс ата – аналарға арналған «Бала тәрбиесі – басты назарда» тақырыбы жоспар бойынша онлайн өткізілді. Бұл жиналысқа барлық класс жетекшілер және ата – аналар мектеп әкімшілігі ат салыса қатысты. Сынып жетекшілердің диагностикалық картасы жасақталды. Қыркүйек айының төртінші аптасында түнгі кезекшілік ұйымдастырылып, жұмыс атқарылды. Музыкалық жетекшінің жоспарына сәйкес «казак әндерінің жобасы» атты сайыс ұйымдастырылды. Мектеп бойынша сыныптардағы спорт секциялары мен үйірмелерге қатысатын оқушылардың тізімі жасақталды. Рухани адамгершілік тәрбие бағыты бойынша қазан айының алғашқы аптасында ұстаздар күніне арналған «Ұстазым, менің ұстазым!» мерекелік онлайн концерт ұйымдастырылды. Жаңа адамгершілік тәрбие бағыты бойынша қазан айының газетері ілінді. 1 қазан қарттар күніне арналған құттықтау бейнероликтер ұйымдастырылды. Жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие бағыты бойынша «Мәңгілік ел болу – мұратымыз!» атты патриоттық әндер байқауы өткізілді. Қазан айының екінші аптасында мектеп психологі «Мейірімділік» тақырыбында 5 класс оқушыларына арналған тренинг өткізілді. Құқық пәнінің мұғалімі Курбаева Динара Абилясымовна 9-10 класс оқушыларына арналған «Жат діни ағымнан сақ болайық» тақырыбында ақпарат берді. Қазан айының үшінші аптасында «Ұялы телефонның мүмкіндігі мен пайдасы мен кері әсері тақырыбында» пікірталас өткізілді. Оқушылардың күзгі қаникулы күндерінің іс –шаралар жоспары құрылып жауапты орындаушылар онлайн жұмыстанды. 5-7 класс оқушыларының ата –аналарына психологиялық көмек ата –аналарға кеңес берілді. Мектеп тәлімгерінің жоспарына сәйкес «Табиғат таңғажайыптары» тақырыбында көрме өткізілді. Сонымен қатар аға тәлімгердің жоспары бойынша төмендегідей іс –шаралар жүргізілді. Қыркүйек айының 15-ші жылдығынан бастап «Тіл ұлттық құндылық» атты апталық іс шара өтті. Бұл іс шарада оқушылар- Ата бабамыздан қалған нақыл сөздерді айтып, Қазақстанның болашағы-қазақ тілінде тақырыбында эссе жазып ой толғалды.» Тіл мәртебесі ел мәртебесі атты дебат» өтті. Дебат арқылы оқушылар тілдің еліміздің мәртебесі үшін қаншалықты маңызды екенін және де тілімізді өзге тілмен былғамай таза сөйлеп дамыту керек екенімізді терең ұғынды. Аптаның ең соңғы күнінде «Мен тіліммен мақтанамын» деп оқушылар

